

Тексерілді:
КМҚК №35 «Балақай»
бөбекжай – бақша әдіскері
Киртанова А.С.

№35 «Балақай» бөбекжай – бақшасының 2021-2022 оқу жылындағы «Балақай» ортаңғы тобының күн
тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограмма жинағы

Қыркүйек айының I апта 01.09.20-03. 09. 21 аралығындағы «Балақай» ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие,оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы:«Балабақша»

Апта тақырыбы:«Менің балабақшам»

Мақсаты:Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу.Балабақшамен,өз топтарымен,ондағы орталықтармен(бұрыштар)таныстыру.Өз топтарын бағдарлай білуге үйрету.Балабақша қызметкерлерімен таныстыру,үлкендерді сыйлауға,үш тілде амандасуға,балаларды ойыншықтарды күтіп ұстауға,өзара достық қарым-қатынасқа ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі 01.09.21	Бейсенбі 02.09.21	Жұма 03.09.21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау. Ата-аналармен амандасу.Балаларды қабылдау.t өлшеу,тазалығын тексеру. Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Дене қызуы мен тазалығына көңіл бөлу.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б)			Д/о: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету	Өленді жаттау: Балабақша есігін, Үшке тола ашқанбыз. Балапандай өсіріп, Мәпелейді бақшамыз. Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту.	Д/о: «Балабақша» Мақсаты: балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.
(Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	Ертеңгілік жаттығу кешені тәрбиешінің нұсқауы бойынша№1 Қыркүйек айы (сылдырмақпен) Жүру,бір-бірінің соңынан сылдырмақты қолына ұстап жүру,жүгіру,шеңбер болып тұру. Жан-жақты дамыту жаттығулар. 1.Б.қ аяқты бірге,қол төменде.1-қолды жоғары көтеру,2-оңға,3-солға сылдырлату,4 б.қ 4-5 рет 2.Б.қ аяқтың арасы ашық,қол төменде 1-отыру,2-сылдырмақты тізеге ұру,3-шылдырлату,4-қалып 4-5 рет қайталау. 3.Б.қ аяқтың арасы ашық ,қол жанында 1-2алға қарай сермеу,3-4 артқа қарай сермеу 4-5 рет қайталау. 4.Б.қ аяқтың арасы ашық ,қол төменде 1-қолды созу,2-аяқтың ұшына тигізу,3 б.қ оралу 4-5 рет қайталау. 5.Б.қ аяқты бірге,қол алда.Қояндарша қос аяқтап секіру 7-8 секунд. Еркін тыныс алу жаттығу.				
Таңғы ас	Сылдырлайды мөлрдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық			Үстел үсті ойыны. «Сақинаны кигізу» Мақсаты: Сақиналарды тұғырға кигізу арқылы	Дидактикалық ойын: «Ойыншық машина» Мақсаты: Ойыншық машинаныңжібін тарта	Үстел үсті ойыны. Пазл. Мақсаты: Ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту..

			көзбен бағдарлай алуын дамыту.	отырып,дыбысын шығара білу қабілетін дамыту.	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі			1.Музыка. Мақсаты:Музыкалық шығарманы тыңдау, әннің сөзін анық,дұрыс айтуға талпындыру,оқуға деген ынта —ықыласын, қызығушылығын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Балабақша» (И Нүсіпбаев) 2.Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: «Қонаққа қуыршақ Сәуле келді». Мақсаты: Мәдени-гигиеналық дағдылардықалыптастыруды жалғастыру. Көркемсөз, ойын арқылы балалардың сөздік қорын байыту.Балалардың өзіне өзі күту дағдыларын қалыптастыра отырып, тазалыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Қуыршаққа қонақ барамыз» Мақсаты: Балаларды ойыншықтар мен ойнату балардың бір-бірімен ауызша қарым қатынас жасауына ықпал ету.	1.Дене шынықтыру Мақсаты:Балабақшаның екінші ортақ үйіміз екенің терең меңгерту. Тепе - теңдікті сақтай отырып, екі сызықтың арасымен жүруді үйрету,шағын топпен жүруге және жүгіруге дағдыландыру,бірлескен әрекет кезінде жолдастарымен жақсы қарым қатынаста болуға тәрбиелеу; жаттығулар жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Поезд» 2.Сөйлеуді дамыту Тақырып: «Қане, танысайық» Мақсаты:Балабақша алғашқы күнімен танысу, бейімделу күні болып есептеледі. Балалардың жаңа ортаға тез бейімделіп кетуі үшін тобындағы өздері секілді бүлдіршіндермен таныстырады, аттарын айтады.Балабақшаның әр бөлмесіне, демалыс бөлмесі, сахна, ойын бөлмесі т. б «саяхат» жасайды.Жеке бастың тазалығы жайлы	1.Орыс тілі. Тема: «Моя группа (мой детский сад)» Мақсаты: Прожолжать знакомить детей с детским садом, ввести в словарь новые слова. Рассказать о работах детского сада. Воспитывать уважение к старшим, к труду работников детского сада 1 2.Жаратылыстану Тақырыбы:«Терезе алдында не өсіп тұр?» Мақсаты:Топ бөлмесіндегі табиғат бұрышымен таныстыру. Оның қажеттілігі туралы білім беру.Олардың өсуіне қажетті шарттар туралы білімді жүйелеу.Күтім жасауға тәрбиелеу. 3.Музыка Мақсаты:Әуен мен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету Ән айту: «Бақшаға келемін» (Ө. Байділдаев) Музыкалық ырғақты қимыл: «Қуыршақ» биі

				мәліметтер береді. Баланың зеректігін, ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Д/о: «Балабақша» Мақсаты: балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.	
Серуенге дайындық	Балаларды біртіндеп киімдерін кигізіп шығару.Өздерінің киімдерін дұрыс киюге үйрету.				
Серуен			Күзгі ағашты қарау. Мақсаты: Ағаштардың негізгібөліктері(тамыры, жапырағы,бұтағы)оның биіктігі ,жуандығы туралы білімдерін кеңейту. Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа баулу. Жеке жұмыс Пішіндерді бекіту. Мақсаты: Балаларға пішіндерді қайталатып айтқызу. Еңбек Балалармен бірге сынған ағаштарды жинау. Мақсаты: Еңбек тапсырмаларын орындауға үйрету,ұжыммен жұмыс істеуге баулу. Еркін ойын. Балаларды қалаған ойындарымен ойнату.	Бұлттарды бақылау Мақсаты: Бұлттар туралы түсінік беру.Табиғат құбылысына байланысты бұлттардың да өзгеруін түсіндіру. Қимылды ойын: «Маған қарай жүгіріңдер» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа үйрету. Жеке жұмыс. «Шалқан»ертегісін айтып беру. Мақсаты: Ертегіні сұрақ-жауап арқылы сөздерді толық айтуға дағдыландыру. Еңбек. Құм салғышқа құмдарды жинауға көмектесу. Мақсаты: Балаларды бірлесе еңбек ету,бір-біріне көмектесуге деген ынталарын дамыту. Еркін ойын. Өз еріктерімен ойын ойнату. Мақсаты:	Желді бақылау. Мақсаты: Жел туралы түсінік беру. Қимылды ойын: «Қу түлкі» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа баулу. Жеке жұмыс. Мақсаты: Балаларға пішіндерді қайталату. Еңбек. Ағаш түбіне жапырақтарды жинап түбін көму. Мақсаты: Балаларды еңбекке баулу бірлесе еңбек етуге дағдыландыру. Еркін ойын. Тәрбиешінің жетекшілігімен сүйікті ойыншықтарымен ойнау. Мақсаты: Балалардың арақашықтықты сақтай білуге, кедергілерден

			Мақсаты: Тез қимыл қозғалысын жетілдіру.	қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.	аттай алуға дағдыландыру.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Түскі ұйқы			Баяу әуен қосып тыңдату	Ертегіні айтып беру.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.Музыка тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет		.	Дидактикалық ойын. «Шарды үрлеу.» Мақсаты.Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.	Вариативтік компонент. «Ертегі бізде қонақта» Тақырыбы. Театр туралы түсінік» Мақсаты: Мәдени орындар туралы балалардың түсінігін кеңейту.Театрға деген қызығушылығын ояту,өнеді бағалауға, тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын: «Шарды үрле» Мақсаты: Балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс			Жеке жұмыс: Аялаға негізгі қимылдың кейбір түрлерін орындауға үйрету Мақсаты: арақашықтықты сақтай білуге, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.	Жеке жұмыс: Айшаға кітаптардағы сурет бойынша қызығушылығын дамыту. Мақсаты: Сөзді орынды қолда дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйрету.	Жеке жұмыс: Бегайымға өзіне қызмет көрсетуге қарапайым әдістерін үйретеміз. Мақсаты: ұқыптылыққа, және шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Мақсаты: Серуендеуге қызығушылығын тудыру, ағаштардың жапырақтарын қарау, ауа райына көңіл бөлу. Әртүрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу.Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру. Күннің сәулесін бақылау,жылуын сезіну; күннің сәулесітуралы әңгімелеу				
Балалардың үйге қайтуы		.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

Қыркүйек айының II апта 06.09.20-10.09.21 аралығындағы «Балақай» ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие,оқу қызметінің циклограммасы

Өтпелі тақырыбы:«Балабақша»

Апта тақырыбы:«Менің достарым»

Мақсаты:Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу.Балабақшамен,өз топтарымен,ондағы орталықтармен(бұрыштар)таныстыру.Өз топтарын бағдарлай білуге үйрету.Балабақша қызметкерлерімен таныстыру,үлкендерді сыйлауға,үш тілде амандасуға,балаларды ойыншықтарды күтіп ұстауға,өзара достық қарым-қатынасқа ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06 .09. 21	Сейсенбі 07 09. 21	Сәрсенбі 08.09 .21	Бейсенбі 09. 09. 21	Жұма 10. 09. 21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау. Ата-аналармен амандасу.Балаларды қабылдау.т өлшеу,тазалығын тексеру. Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Дене қызуы мен тазалығына көңіл бөлу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	«Мақал-мәтелдер» Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады. Мақсаты: достық туралы мақал-мәтелдер үйрету, айтқызу, тілдерін жаттықтыру	Тіл ұстарту жаттығуы Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс. Мақсаты: Балалардың тілдерін жаттықтыру.	Саусаққа арналған жаттығу: Достық Қыздар менен ұлдар Дос қой біздің топта. Ұсынса біреу қолын, Ешқашан бас тартпа. «Досың туралы айт» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	Дидактикалық ойын:«Мен айтамын досым жасайды» Мақсаты: Балалардың ептілігін аңғарымпаздығын жетілдіру.	Дидактикалық ойын: «Достық және мен » Мақсаты: Дос және достық деген ұғымды терең жеткізе отырып,достық сезімін қалыптастыру мақсатында бір-бірін сыйлауға қадірлей білуге
(Танертеңгілік гимнастика (5 мин)	Ертеңгілік жаттығу кешені тәрбиешінің нұсқауы бойынша№1 Қыркүйек айы (сылдырмақпен) Жүру,бір-бірінің соңынан сылдырмақты қолына ұстап жүру,жүгіру,шеңбер болып тұру. Жан-жақты дамыту жаттығулар. 1.Б.қ аяқты бірге,қол төменде.1-қолды жоғары көтеру,2-оңға,3-солға сылдырлату,4 б.қ 4-5 рет 2.Б.қ аяқтың арасы ашық,қол төменде 1-отыру,2-сылдырмақты тізеге ұру,3-шылдырлату,4-қалып 4-5 рет қайталау. 3.Б.қ аяқтың арасы ашық ,қол жанында 1-2алға қарай сермеу,3-4 артқа қарай сермеу 4-5 рет қайталау. 4.Б.қ аяқтың арасы ашық ,қол төменде 1-қолды созу,2-аяқтың ұшына тигізу,3 б.қ оралу 4-5 рет қайталау. 5.Б.қ аяқты бірге,қол алда.Қояндарша қос аяқтап секіру 7-8 секунд. Еркін тыныс алу жаттығу.				
Таңғы ас	Сылдырлайды мөлрдір су, Мөлдір суға қолыңды жу.				

	Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Дидактикалық ойын: «Біздің көңіл күйіміз» Мақсаты: балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу.	Дидактикалық ойын: «Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауызекі баулу.	Дидактикалық ойын:«Отбасы мүшелерін ата» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б.). Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Біреу және көп» Мақсаты: ойын арқылы есте сақтау қабілетін жетілдіру	Дидактикалық ойын: «Досым - менің мақтанышым». Мақсаты: Балалар бір-біріне гүл ұсыну арқылы өз достарының бойындағы жақсы қасиеттерін айтады.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған оқу кестесі	1.Дене шынықтыру Мақсаты: Заттық әлемге саяхат жасау арқылы заттық түсініктерін кеңейту. Қос аяқпен секіру(аяқ бірге - аяқ алшақ); бір біріне допты домалатуды үйрету.Ирелең жолмен жүруге , қос аяқпен секіру (аяқ бірге - аяқ алшақ) дағдыларын бекіту.Музыканың басталуын сезіне,музыкаға сәйкес жүруге баулу. Қимыл- қозғалыс ойыны: « Доғадан допты өткізу» .Сөйлеуді дамыту. Тақырып: «Екі дос пен аю» ертегі Мақсаты: балаларға дос, достық туралы түсінік беру. Достары туралы әңгімелету. Байланыстырып сөйлеуге үйрету. Д/қ ойын: «Мен айтамын, досым жасайды»	1.Дене шынықтыру. Мақсаты: Шағын топпен бір- біріне кедергі жасамай жүгіру,саптан шықпай, бағытты сақтай жүру,аяқты тізеден сәл бүгіп секіріп, аяқты алшақ,бірге ұстау дағдыларын бекіту. Музыканың басталуын сезіне,музыкаға сәйкес жүруге баулу. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Допты қағып ал» 2.Математика негіздері Мақсаты: «Таңертең» тәулік мезгілі туралы түсінік беру. Көрнекі әрекеттік және сөздік нұсқауларын қабылдауға, оны қайталауға ынталы болуға тәрбиелеу Д/қ ойын:«Тәулік бөліктері» Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру	1.Көркем әдебиет Мақсаты: балалардың дос туралы түсініктерін қалыптастыру. Өлеңді мұқият тыңдап, не туралы айтылғанын ұғындыру. Өлеңді жаттату. Достарын жақсы көруге тәрбиелеу. Достар бірге жүреміз. Бірге ойнап күлеміз.. Дидактикалық ойын:«Отбасы мүшелерін ата» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б.). Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету 2.Музыка Мақсаты: Балаларға дұрыс тамақтану, туралы, достар туралы әңгімелеу музыканы,	1.Дене шынықтыру. Мақсаты: Балаларға заттық әлем туралы түсініктерін бекіту. Балаларды шағын топпен жүруге және жүгіруге үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; екі аяқпен бір орында тұрып секіру дағдыларын, ұсақ қол қимылдарын жетілдіру. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Маған қарай жүгіріңдер!» 2.Құрастыру Тақырып: «Досымның үйі» (таяқшалардан) Мақсаты: таяқшалардан үйді құрастыруды үйрету. Дос туралы түсініктерін жетілдіру. Ұсақ қол моторикасын жетілдіру.	1.Жаратылыстану. Мақсаты: Балаларды тек адам емес, табиғатпен де дос болуға болатыны туралы түсінік беру.Бөлмедегі жасыл достарымен таныстыру. Оларды күтіп баптауға тәрбиелеу. Д/қ ойын: «Өсімдіктің досын тап» Мақсаты: Өсімдіктерді күтіп, оларға қамқорлықпен қарайды. 2.Жапсыру «Досыма кесе сыйлаймын» Мақсаты: үлгіге қарап дайын пішіндерді қою арқылы заттың бейнесін жасауға үйрету желімді қылқаламға ұқыпты жағу дағдыларын дамыту. Д/қ ойын: «Досыңа көмектес»

	Мақсаты: балалардың ептілігін, аңғарымпаздығын жетілдіру.		есте сақтауға, әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға үйрету Ән тыңдау:«Достық» (И Нүсіпбаев) Ән тыңдау : «Балабақша әні» (ЕХасанғалиев) (А .Асылбек) Музыкалық ырғақты қимыл: «Сылдырмақ пен билейміз» Допқа кім тез жетеді?»	Балаларды қызығушылыққа тәрбиелеу. 3.Сурет салу. Такырып: «Досыма гүл сыйлаймын.» Мақсаты: Балаларды бөлме гүлінің суретін сала білуге үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәриелеу. Д/қ ойын: «Досым - менің мақтанышым» Мақсаты: Балалар бір-біріне гүл ұсыну арқылы өз достарының бойындағы жақсы қасиеттерін айтады	Мақсаты: Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды киюды біледі. Досына үй жасап береді.
Серуенге дайындық	Балаларды біртіндеп киімдерін кигізіп шығару.Өздерінің киімдерін дұрыс киюге үйрету.				
Серуен	Бақылау: Ауа райын бақылау Мақсаты: ауа райындағы өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту.Күн бұлттанды жаңбыр жиі жауады.Күз туралы түсініктерін тиянақтау. Қимылды ойын: «Тышқандар мен мысық» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа баулу. Жеке жұмыс. Балаларға пішіндерді қайталату. Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Бақылау: Жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Жыл мезгіліне байланысты табиғаттағы құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту. Қимылды ойын: «Пойыз» Мақсаты: балаларды шапшандыққа үйрету. Жеке жұмыс. Жинаған жапырақтарының түсін анықтау. Мақсаты: Балаларды түстерді ажыратуға үйрету. Еңбек.	Бақылау: Күзгі ағашты қарау. Мақсаты: Ағаштардың негізгібөліктері(тамыры,жапырағы,бұтағы)оның биіктігі ,жуандығы туралы білімдерін кеңейту. Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа баулу. Жеке жұмыс Пішіндерді бекіту. Мақсаты: Балаларға пішіндерді қайталатып айтқызу.	Бақылау: Бұлттарды бақылау Мақсаты: Бұлттар туралы түсінік беру.Табиғат құбылысына байланысты бұлттардың да өзгеруін түсіндіру. Қимылды ойын: «Маған қарай жүгіріңдер» Мақсаты: Балаларды шапшандыққа үйрету. Жеке жұмыс. «Шалқан»ертегісін айтып беру.	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Жел туралы түсінік беру. Қимылды ойын: «Қу түлкі» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа баулу. Жеке жұмыс. Мақсаты: Балаларға пішіндерді қайталату. Еңбек. Ағаш түбіне жапырақтарды жинап түбін көму.

	Еңбек. Ойын алаңын ағаш бұтақтарынан тазартуға көмектесу. Мақсаты: Балаларды еңбекке баулу.Ауланың тазалығын сақтай білуге тәрбиелеу. Еркін ойын: Балалардың қалаған ойынын ұйымдастырып ойнату,жетекшілік жасау. Мақсаты: дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау.	Түскен жапырақтарды жинап,аула сыпырушыға көмектесу. Мақсаты: Аула тазалығын сақтауға тәрбиелеу. Еркін ойын. Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнау. Мақсаты: Балалардың икемділігін қалыптастыру. Ұйымшылдыққа ұқыптылыққа тәрбиелеу	Еңбек. Балалармен бірге сынған ағаштарды жинау. Мақсаты: Еңбек тапсырмаларын орындауға үйрету,ұжыммен жұмыс істеуге баулу. Еркін ойын. Балаларды қалаған ойындарымен ойнату. Мақсаты: Аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту, қимыл қозғалыстарын жетілдіру.	Мақсаты: Ертегіні сұрақ-жауап арқылы сөздерді толық айтуға дағдыландыру. Еңбек. Құм салғышқа құмдарды жинауға көмектесу. Мақсаты: Балаларды бірлесе еңбек ету,бір-біріне көмектесуге деген ынталарын дамыту. Еркін ойын. Өз еріктерімен ойын ойнату. Мақсаты: Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Мақсаты: Балаларды еңбекке баулу бірлесе еңбек етуге дағдыландыру. Еркін ойын. Тәрбиешінің жетекшілігімен сүйікті ойыншықтарымен ойнау. Мақсаты: дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Түскі ұйқы	«Бесік жырын»тыңдату	«Әлди-әлди» әнін айтып беру	Баяу әуен қосып тыңдату	Ертегіні айтып беру.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.Музыка тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	Дидактикалық ойын: «Менің отбасым». Мақсаты: Балаларға отбасы туралы түсінік беру. Ойын шарты. балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, отбасы туралы жаңсы сөздер айтады.	Қ/о: «Досынды тап» Мақсаты: Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балаларының көздері таңылып, өз достарын танып, табу ұсынылады. Олар өз досын қолын, шашын, киімдерін ұстап, сипау арқылы табуын болады. Достарын тапқаннан соң орындарын ауыстырады.	Дидактикалық ойын: «санамақты жатта» Бас бармағым атам, Балан үйрек әжем. Ортан түйрек әкем, Шылдыр шүмек анам, Кішкене бөбек мен. Мақсаты: Балалардың ойлау сезіну,есте сақтау қабілетін дамыту.	Вариативтік компонент. «Ертегі бізде қонақта» Тақырыбы: «Театр түрлері мен таныстыру Мақсаты: Балаларға театр өнері туралы түсінік беру.Театр түрлері мен (қуыршақ,көйлеңке,үстел -үсті,саусақ театры)т.б таныстыру.Театр өнеріне деген қызығушылығын артыру.	Дидактикалық ойын: «Бізге күз не әкелді?» Мақсаты: Күз бізге не әкелгені туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажырата және атай білуге үйрету.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Аминаға өзіне қызмет көрсетудің қарапайым әдістерін орындату. Мақсаты: ұқыптылыққа, және шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Тамириске тірі объектілерді таныту,мысық,ит және т.б қалай дыбыстайды. Мақсаты: жануарларға қамқорлық қарым-қатынасын, оларға қамқор болу ықыласын тәрбиелеу.	Сұлтанға музыка дыбыстарына тыңдауға қосылып айтуға бейімдеу. Мақсаты: Көңілді әуендерді тыңдай білуге, дыбысқа еліктеулерді қайталай білуге үйрету.	Қайсарға бояулардың ашық түсін ажыратуға үйрету. Мақсаты: ашық түстерді қабылдауға, ашық түстермен сызықтарды қағаз бетіне салуды үйрету.	Райымбекке бояулардың ашық түстерін таныстыру. Мақсаты: балаларды үлгіге қарап, түспен(қызыл,сары, ақ) таныстырукөзделеді
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Мақсаты: Ауа райын бақылау,жапырақты бақылау,күзгі ағашты бақылау,бұлттарды бақылау,жел туралы түсінік беру.Еркін ойындар ойнату.				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

Қыркүйек айының Шапта 13.09. 21-17. 09. 21 аралығындағы «Балақай» ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие,оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы:«Балабақша»

Апта тақырыбы:«Менің сүйікті ойыншықтарым»

Мақсаты:Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу.Балабақшамен,өз топтарымен,ондағы орталықтармен(бұрыштар)таныстыру.Өз топтарын бағдарлай білуге үйрету.Балабақша қызметкерлерімен таныстыру,үлкендерді сыйлауға,үш тілде амандасуға,балаларды ойыншықтарды күтіп ұстауға,өзара достық қарым-қатынасқа ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.09. 21	Сейсенбі 14. 09. 21	Сәрсенбі 15.09 .21	Бейсенбі 16. 09. 21	Жұма 17. 09. 21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау. Ата-аналармен амандасу.Балаларды қабылдау.т өлшеу,тазалығын тексеру. Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Дене қызуы мен тазалығына көңіл бөлу.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б)	Ойыншықтар Ойыншықтар қандай әдемі, Қызыл, сары, қоңір, көк. Түрлі-түрлі түстері, Көз тартады өздері. Іші толған бөлменің, Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймаймын, Достарыммен ойнаймын. Мақсаты:Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.	Дидактикалық ойын «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	Ойыншығым Үлкенмін ғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинаға сыймаймын. Мақсаты:Бүлдіршіндерді ң сөздік қорларын молайту.	Санамақ Бақшаға жақсы аға, Көп-көп ойыншық әкелді. Бір балық, бір аю, бір үйрек. Бір түлкі, бір бүркіт, Шатасып қалма бірақта, Бақшаға жақсы аға, Қанша ойыншық әкелді? Мақсаты:Балалардың зейінін дамытып,тілдерін жаттықтыру.	Дидактикалық ойын : « Сикырлы қорапша» Мақсаты: Ойыншықтарды қарау және зерттеу,ажыратып олардың түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атау, заттарды топтастыра білуін жетілдіру. Қазақ және орыс ұлттарының ұлттық ойыншықтар мәдениетіне баулу. Ойыншықтарға деген қамқорлық қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеу, оларды сақтау тережелерімен таныстыруды жалғастыру
(Танертеңгілік гимнастика (5 мин)	Ертеңгілік жаттығу кешені №1 Қыркүйек айы (сылдырмақпен) тәрбиешінің нұсқауы бойынша Жүру,бір-бірінің соңынан сылдырмақты қолына ұстап жүру,жүгіру,шеңбер болып тұру. Жан-жақты дамыту жаттығулар. 1.Б.қ аяқты бірге,қол төменде.1-қолды жоғары көтеру,2-оңға,3-солға сылдырлату,4 б.қ 4-5 рет 2.Б.қ аяқтың арасы ашық,қол төменде 1-отыру,2-сылдырмақты тізеге ұру,3-шылдырлату,4-қалып 4-5 рет қайталау.				

	3.Б.қ аяқтың арасы ашық ,қол жанында 1-2алға қарай сермеу,3-4 артқа қарай сермеу 4-5 рет қайталау. 4.Б.қ аяқтың арасы ашық ,қол төменде 1-қолды созу,2-аяқтың ұшына тигізу,3 б.қ оралу 4-5 рет қайталау. 5.Б.қ аяқты бірге,қол алда.Қояндарша қос аяқтап секіру 7-8 секунд. Еркін тыныс алу жаттығу.				
Таңғы ас	Сылдырлайды мөлрдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	«Баян қуыршақ оянды» Мақсаты: Балалардың қуыршақ киімдерінің атаулар жайлы мағлұматтарын бекіту. Мәселен, теркөйлек, ішкиім, көйлек, шұлық, туфли, түнгі жейде; киінудің реттілігі; қуыршақты киіндіру әрекетіне жаттықтыру; балалардың сөйлеу қабілетін қарқындату. Ойын барысындағы серігі – қуыршаққа деген мейірімді қатынасқа тәрбиелеу	Дидактикалық ойын «Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Әңгімелесу	Дидактикалық ойын: «Қай ойыншық тығулы тұр?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	«Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын ойыншықтардың атауларымен байыту. .	Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстыру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған оқу кестесі	1.Дене шынықтыру Мақсаты: Күз мезгілі туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліс жасай дағдыларын бекіту. Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру. Музыка ырғағыны сайкес қимылды жай шапшан, ырғақты орындау қаблетін дамыту. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Өз үйінді тап!»	1.Дене шынықтыру Мақсаты: Ойын арқылы балаларға күз мезгілінің құбылыстарымен таныстыру. Бір қатармен сапқа тұруды үйрету,дене шынықтырумен үзбей шұғылдануға тәрбиелеу; арқаннан аттап, ауыспалы қадаммен жүру, шашырай жүгіру, допты арқаннан асырып лақтыру, қолдарын еденге тигізбей, арқан астынан өту дағдыларын дамыту. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Өткеншек»	1.Музыка Мақсаты: Ойыншықтард ың зат екенін балаларға түсіндіру. Әнді тыңдату, қабылдау,есте сақтау. Ән тыңдау: «Кір қуыршақ»(И Нүсіпбаев .ЖҚамқынов) Ән салу: «Ойыншықтар әні» (И Әлімқұлов). Муз ырғақты қимыл: «Қазақ бий» 2.Қоршаған ортамен танысу.	1.Дене шынықтыру Мақсаты: Шеңбер құру, шеңбер бойы жүру және жүгіруді жаттықтыру. Қос аяғымен бір мезгілде екпінмен серпіліс жасай білу дағдыларын бекіту. Жаттығулар орындау кезінде тынысты тоқтатпау дағдыларын қалыптастыру. Музыка ырғағына сәйкес қимылды жай шапшан, ырғақты орындау қаблетін дамыту. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Күн мен жаңбыр»	1.Орыс тілі Тема: «Правила безопасности дома и на улице Обогатить словарный запас детей новыми словами,упражнять в умении отвечать на вопросы «Это что?». учить мыть руки перед едой, нетрогать лекарства, неиграть на болконе, соблюдать правила движения на улице. ырғақты орындау қаблетін дамыту.

	2.Сурет салу. Тақырыбы: «Сылдырмақ» (саусақпен, қылқаламмен) Мақсаты: Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Сылдырмақ жайында әңгімелету, Суретін сала білуге үйрету.Қылқаламмен, саусақпен сурет салу машықтарынабейімдеу. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәриелеу. Д/қ ойын: «Ойыншықты ата» Мақсаты:Суретта көрсетілген ойыншықтарды атау.	2.Математика негіздері Мақсаты: Балаларды геометриялық шеңбер фигурасымен таныстыру. Көру және түйсіну қимылдауға қатысты зерттеу тәсілдерін үйрету. Ойын арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, жалпы және ұсақ қол қимылдарын жаттықтыру. Д/қ ойын: «Мынау қай пішін?»Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.	Тақырыбы: «Ойыншықтар әлемі» Мақсаты: ойыншықтарды дұрыс танып атай білуге үйретуді жалғастыру.Ойыншықтардың неден жасалатынымен таныстыру. ойыншықты күтіп ұстауға тәрбиелеу. Д/қ ойын: «Ойыншықтарды жинаймыз» Мақсаты: қарапайым әдеп ережелерін:ойыншықтары -мен бөлісуді үйрету.	2.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Ғажайып дорба»(ойыншықтарды сипаттау) Мақсаты: Ойыншықтар туралы әңгіме құрастыруға, ойыншықтардың атарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға үйрету.Дыбыстарды анық, дұрыс айтуға жаттықтыру. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Д/қ ойын: «Ғажайып қапшық» Мақсаты:Балаларды қапшықтың ішінен бір затты алып,сол затты тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.	1.Жаратылыстану. Тақырыбы:«Ойыншықтар неден жасалады?»(Ғажайып қап) дидактикалық ойын. Мақсаты: Балаларға заттардың бірі адамдардың қолымен, бірітабиғаттың күшімен жасалғанын түсіндіру.Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру. Зерттеушілік мінез-құлық, қоршаған ортадағы заттарға күтім жасау дағдысын қалыптастыру. Д/қ ойын: «Ғажайып қапшық» Мақсаты:Балаларды қапшықтың ішінен бір затты алып,сол затты тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. 2.Музыка Мақсаты: .Музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету: ойыншықтарды күтіп ұстауға,әнді көңілді айта білуге дағдыландыру Ән тыңдау: «Кір қуыршақ»(И Нүсіпбаев .ЖҚамқынов) Ән салу: «Ойыншықтар әні» (И Әлімқұлов).
--	---	--	---	---	--

					Муз ырғақты қимыл: «Қазақ биі»
Серуенге дайындық	Балаларды біртіндеп киімдерін кигізіп шығару.Өздерінің киімдерін дұрыс киюге үйрету.				
Серуен	Бақылау Жапырақтардың түсуін бақылау. Мақсаты: Күз мезгілінің белгілерін ажырата алуға үйрету; Байқампаздық қабілеттерін дамыту; Табиғатты; қорғауға тәрбиелеу; Жапырақтардың түсу себебін түсінуге, жапырақтардың бөліктерін атауға үйрету. Еңбекке баулу. Ойын алаңын тазартуға, жапырақтарды жинауға көмектесу Мақсаты: Балаларды ұжыммен бірге еңбек етуге үйрету. Қимылдық ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: Баларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Жеке жұмыс: Сөйлеуді дамытудан раяна мен жұмыс. Мақсаты: тілдің граматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Бақылау Желді бақылау. Мақсаты: Желді бақылау,балалардың бақылағыштық қабілетін жетілдіре отырып,ауа-райындағы өзгерістерді ажыратып атай білуге үйрету: жылы жел соқты. Желдің қай бағыттан соғып тұрғанын анықтауға үйрету Еңбек: жерге түскен жапырақтарды жинауға көмектесу. Мақсаты: Ересектердің көмегімен ойын алаңын таза ұстауға баулу Қо: «Қуыспақ» Мақсаты: Жылдамдыққа,шапшаңдыққа баулу. Жеке жұмыс: «жақсы әдет» «жаманәдет» Мақсаты: Балаларды»жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасын мен оларды орынды үйрету. Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату. Мақсаты: Балалардың икемділігін қалыптастыру.	Бақылау Автобусты бақылау. Мақсаты: Көлікті сыртқы пішініне қарап ажырата алуға үйрету: Жеңіл көліктің негізгі бөліктерін атау: Автобус – жолаушылар көлігі,онымен адамдарды тасиды.Алдында жүргізуші,ал салонда жолаушылар отырады.Жолаушылар автобусты аялдамадан күтеді,автобус тоқтаған кезде кіреді орын алады.Жол жүру уақытында орнынан тұруға,жүруге,есікпен ойнауға,ашуға болмайды.Жүргізушінің тоқтағанын және есікті ашқанын күту қажет. Еңбек: Ойын алаңындағы ұсақ тастарды жинау. Мақсаты: Еңбек құралдарын пайдалану әдісін үйрету, бірлесе отырып еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, тазалыққа баулу. Қо: «Арықтан аттап өт» Мақсаты: бір орында тұрып секіруге,	Бақылау Күзгі табиғатты бақылату. Мақсаты: Күзгі мезгілі туралы түсінік беру. Күз мезгілінің табиғат ерекшеліктері- мен таныстыру.Ауа-райының негізгі белгілерін білуге үйрету. Ағаштардың жапырақтары сарғайады: Құстар жылы жаққа ұшып кетеді: Аспан бұлттанып тұрады: Толассыз жаңбыр жауады: Еңбек: Ойын алаңы тазартуға, жапырақтарды көмектесу. Мақсаты: Балаларды ұжыммен бірге еңбек етуге үйрету. Қо: «Маған қарай жүгіріңдер» Мақсаты: Жылдамдыққа шапшаңдыққа баулу. Жек жұмыс: Айзереден апта күндерін сұрау. Мақсаты: Баланың есте сақтау қабілетін дамыту. Еркінойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату. Мақсаты: Ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Бақылау Жолдың жолаушылар жүретін бөлігін бақылау. Мақсаты: Балаларды жолаушылар жүретін бөлігімен таныстыру:Жол жүру ережесі туралы естерінде сақтау: Жолдың жолаушылар жүретін бөлігіне өту және жүріп жатқан көліктерді қарау.Балаларға балабақшаның жол бойында орналасқанын айтып, түсіндіру.Балабақшадан шыққанда өте абай болу керектігін түсіндіру. Еңбек: Құрғақ жапырақтарды бір жерге жинау. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу Қо: «Мені қуып жет» Мақсаты: Жылдамдыққа,шапшаңдыққа баулу. Жеке жұмыс:

	Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату. Мақсаты: дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау.	Ұйымшылдыққа ұқыптылыққа тәрбиелеу.	ептілікке,шапшаң дербес әрекет жасауға үйрету. Жеке жұмыс: Раянаға үй жиһаздарын үйрету. Мақ: Үй ішінде қажетті жиһаздың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға (дөңгелек, үстел, түсі, көк, төрт аяғы бар) үйрету. Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату. Мақсаты: Аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту, қимыл қозғалыстарын жетілдіру.		Аминаға қос аяқпен секіруді үйрету. Мақсаты: секіруді толық орындауға дағдыландыру. Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнау. Мақсаты: дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Түскі ұйқы	«Бесік жырын»тыңдату	«Әлди-әлди» әнін айтып беру	Баяу әуен қосып тыңдату	Ертегіні айтып беру.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.Музыка тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	«Емхана» сюжеттік-рөлін ойыны. Мақсаты: Баланың сөздік қорын молайту, бір-біріне деген жағымды қарым –қатынас жасау, ой-қиялын одан әрі дамыту.Дәрігердің сезімталдығы мен кішіпейілділігі, қамқорлығы сияқты жақсы қасиеттерін	Үстел- үсті ойыншықтары театры: Мақсаты: ойыншық кейіпкер үшін іс-әрекет орындау, бейнелеудің басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып табылады.	Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: Ойыншық-тарды ойнау барысында балалар ойыншықтарды салыстырып үйрену.ойыншықтардың ұқсастығын ,айырмашылығын айыра білуге үйрету.	Вариативтік компонент. «Ертегі бізде қонақта.» Тақырыбы: «Үйшік етегісі.»(әңгімелеу, түсіндіру.) Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіру,балаларды ертегі желісі бойынша,ертегі мазмұнын, айтып беруге үйрету.өз ойлары мен бөлісе білуге талпындыру.Ертегі	«Ойыншықтар айтысы» әңгімесін оқу. Мақсаты: Ойыншықтарды күтіп ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

	жеткізе білуге тәрбиелеу.			кейіпкерлерінің қимылын,дыбысын, салдырып, кейіпкерлердің бейнесін сомдауға қабілеттерін дамыту.	
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Иманәлиден геометриялық пішіндерді сұрау(дөңгелек,шаршы үшбұрыш) Мақсаты: Есте сақтау қабілеті мен сөздік қорын байыту.	Жеке баламен жұмыс: Сөйлеуді дамытудан Аялаға «Ойыншықтар» өлеңін тындап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға , Мақсаты: «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Әбдәлиге қарындаш ұстауды үйрету. Мақсаты: Қарындашты оң қолдарына ұстап,суретті бояп үйрету.	Жеке баламен жұмыс: Ахмадтан отбасы мүшелерін сұрау. Мақсаты: Өзіне жақын адамдардың есімдерін сұрау.	Жеке баламен жұмыс: Нұрисламнан ауа-райының өзгерістерін сұрау. Мақсаты: Ауа-райының ерекшеліктерін сұрап,есте сақтау қабілетін дамыту.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу. Табиғатты; қорғауға тәрбиелеу; Жапырақтардың түсу себебін түсінуге, жапырақтардың бөліктерін атауға үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	Әңгіме: «Менің сүйікті ойыншығым»	«Менің ойыншықтарым» Тақпақ Ойыншықтарым көп менің Бәрін жақсы көремін Кешке дейін жалықпай Бірге ойнап жүремін	Ата-аналармен күн тәртібі туралы әңгемелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес: «Баланың балабақшаға бейімделуі»

Қыркүйек айының IV апта 20.09.21-24.09.21 аралығындағы «Балақай» ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Балабақша»

Апта тақырыбы: «Жиһаздар»

Мақсаты: Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу. Балабақшамен, өз топтарымен, ондағы орталықтармен (бұрыштар) таныстыру. Өз топтарын бағдарлай білуге үйрету. Балабақша қызметкерлерімен таныстыру, үлкендерді сыйлауға, үш тілде амандасуға, балаларды ойыншықтарды күтіп ұстауға, өзара достық қарым-қатынасқа ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.09. 21	Сейсенбі 21 09. 21	Сәрсенбі 22.09 .21	Бейсенбі 23.09. 21	Жұма 24. 09. 21
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Балаларды қабылдау. Ата-аналармен амандасу. Балаларды қабылдау. т өлшеу, тазалығын тексеру. Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Дене қызуы мен тазалығына көңіл бөлу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	«Үйдегі жиһаздар» Мақсаты: Үй ішіне қажетті жиһаздардың жеке бөліктерін сөзбен дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, түсі көк, төрт аяғы бар) үйрету; Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді жаттықтыру. Жиһаздары күтуге тәрбиелеу.	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету. Достар креслоға отырып еді, оның аяғы сынып қалды – «мұңаю». Не істейміз?»- «таң қалу». Таптық! – «қуаныш». Балға мен шеге алып, орындықты жөндейдік – «қуаныш». Енді ешқандай қиындық жоқ! «Тыныштық»	Дидактикалық ойын: «Жиһазды әшекелейік». Мақсаты: тірек сызбалар бойынша сөздік қорын молайту Тірек сызбалар бойынша жұмбақ жасырып, жасырылынған затты атайық, жиһазды әшекелейік.	Дидактикалық ойын: «Жеке-жеке атын ата» (кесе, қасық т.б.-ыдыс-аяқ)(алма, алмұрт, т.б.-жемістер) Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту.	«Ағаш шебері» өлеңі Бұрқыратып иісін Тақтай тілем ағаштан Безендірем үй ішін Жабдықтармен жарасқан Болсын берік, көрікті Пәтерлердің жасауы Соған лайық ең мықты Келер жиһаз жасағым Мақсаты: Балаларды жиһаздың жасалу жолымен таныстыру.
(Таңертеңгілік гимнастика (5 мин))	Ертеңгілік жаттығу кешені тәрбиешінің нұсқауы бойынша №1 Қыркүйек айы (сылдырмақпен) Жүру, бір-бірінің соңынан сылдырмақты қолына ұстап жүру, жүгіру, шеңбер болып тұру. Жан-жақты дамыту жаттығулар. 1. Б.қ аяқты бірге, қол төменде. 1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға, 3-солға сылдырлату, 4 б.қ 4-5 рет 2. Б.қ аяқтың арасы ашық, қол төменде 1-отыру, 2-сылдырмақты тізеге ұру, 3-шылдырлату, 4-қалып 4-5 рет қайталау. 3. Б.қ аяқтың арасы ашық, қол жанында 1-2 алға қарай сермеу, 3-4 артқа қарай сермеу 4-5 рет қайталау. 4. Б.қ аяқтың арасы ашық, қол төменде 1-қолды созу, 2-аяқтың ұшына тигізу, 3 б.қ оралу 4-5 рет қайталау. 5. Б.қ аяқты бірге, қол алда. Қояндарша қос аяқтап секіру 7-8 секунд. Еркін тыныс алу жаттығу.				

Таңғы ас	Сылдырлайды мөлрдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Дидактикалық ойын: « Жиһаз атауына сөйлем құрау». Мақсаты: түстерді ажырата білу, әр түрлі суреттер арқылы тілдерін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» Мақсаты: жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру.	Дидактикалық ойын: «Ойыншық өзі туралы не айтады?» Мақсаты: Балаларды заттардың өзіне тән өзгеше ерекшеліктерін сипаттауға үйрету; сөйлеу, тыңдау қабілетін дамыту.	Дидактикалық ойын: « Жиһаздарды құрастыр» Мақсаты: 2-3 бөліктен құрастыруға үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қай жиһаз жасырулы тұр» . Мақсаты: балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі	1.Дене шынықтыру Мақсаты: Тапсырмаларды орындай жүрып бір қатармен жүру мен жүгіруді және секірген соң жерге аяқты сәл бүгіп түсуді үйрету;салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; допты бір- біріне домалату дағдыларын жетілдіру. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Шеңбердегі доп» 2.Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Жиһаздар» Мақсаты: жиһаздармен таныстыру. Жиһаздарды танып атай білуге үйрету. Балалардың сөздік қорларын жиһаздардың атауларымен толықтыру. Дыбысты анық айтуға жаттықтыру.Балаларды қызығушылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: « Жиһаз атауына сөйлем құрау».	1.Дене шынықтыру Мақсаты: Шағын алаңдап жүру кезінде тепе -тендікті сақтауға үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; жүру мен жүгіруді алмастыру, екі сызықтың арасымен жүру мен жүру, алға жылжи отырып, екі аяқпен секір дағдыларын дамыту,қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Ойыншықты әкел». 2.Математика негіздері Мақсаты: Бақылау, айналадағы ортадан дөңгелек пішіндерді табу дағдысын дамыту.Заттарды пішіні, мөлшері, түсі бойынша топтастыру машығын дамытуға көмектесу. Дидактикалық ойын:	1.Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Біздің балабақшада» Мақсаты: Қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар арқылы кеңейту. Мнемотабицаның көмегімен өлеңді жаттату. Мәнерлеп айтуға талпындыру. Жиһаздарды, балабақшадағы заттарды күтіп ұстауға тәрбиелеу Д/о: «Балабақш а» Мақсаты: балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету. 2.Музыка. Мақсаты: Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән	1.Дене шынықтыру Мақсаты: Еңбектеу кезінде қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіре білуге; көтеріңкі(зат үстінде) тіреуде тепе-тендікті сақтауды; заттарды сол және оң жағынан айналып өтуін бекіту.Берілген белгіге көңіл аудару,қимыл қозғалысты белгі бойынша орындау қабілеттерін жетілдіру. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Қимыл- қозғалыс ойыны: «Көліктер» 2.Құрастыру. Тақырыбы: «Орындық» Мақсаты: балаларды текше және кірпіш құрылыс материалдарынан орындық құрастыруды үйрету.. Құрастыру машығын дамыту. Шыдамдылық пен	1.Жаратылыстану. Тақырыбы: «Жиһаздар неден жасалады?». Мақсаты: балаларды адамзат өзіне керектінің бәрін табиғаттан алатыны туралы түсінік беру. Жиһаздардың көбіне ағаштан жасалатынымен таныстыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Қай жиһаз жасырулы тұр» . Мақсаты: балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту 2.Мүсіндеу Тақырыбы: «Доп» Мақсаты: мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін пайдаланаотырып, допты мүсіндеуді үйрету. Саусақ моторикасын жетілдіру. Балаларды

	Мақсаты: түстерді ажырата білу, әр түрлі суреттер арқылы тілдерін дамыту.	«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.	мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, туралы ұғымын қалыптастыру. Балаларға үлкендердің еңбегі туралы әңгімелеу, оларға көмек көрсетуге, үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету Ән тыңдау: «Балабақша» (Қ Мырза Әлі Д Ботбаев) Ән салу:«Болайықшы осындай» (А .Меңжанова) Музыкалық қимыл – қозғалыс: Би: «Кел билейік» «Сылдырмақ пен ойын» қа тәрбиелеу.	ыждағаттылыққа тәрбиелеу. Д/о:«Заттың атын ата» Мақсаты: заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту. 3.Сурет салу. Тақырыбы: «Шкаф»(карандаш) Мақсаты: балалардың апта тақырыбы туралы білімдерін жетілдіру.Шаршы пішінді сала отырып шкафтың суретін салуды үйрету. Карандашпен сурет салу машықтарын дамыту. Ұқыпты бояуға дағдыландыру. Қызығушылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: « Жеке- жеке атын ата» (кесе, қасық т.б.-ыдыс-аяқ)(алма, алмұрт, т.б.-жемістер) Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту	қызығушылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» Мақсаты: жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру.
Серуенге дайындық	Балаларды біртіндеп киімдерін кигізіп шығару.Өздерінің киімдерін дұрыс кюге үйрету.				
Серуен	Бақылау:Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты:Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін уақытын үнемдейтінін түсіндіру.	Бақылау:Ауа-райын бақылау. Мақсаты:Ауа-райын бақылай отырып,күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.	Бақылау:Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты:Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.	Бақылау:Жәндіктерді бақылау. Мақсаты:Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады.Мінекей құмырсқаларды	Бақылау:Тұманды бақылау. Мақсаты:Күздегі тұманды бақылау,тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру.

	Еңбекке баулу:Ағаш түптерін қопсыту,су құю. Жеке жұмыс: «Алтын күз» тақырыбында сурет бойынша әңгімелесу. Мақсаты:Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Ақ қояным» Мақсаты:Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату,көңілдерін көтеру. Еркін ойын:Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнату. Мақсаты: Балалар бір-бірін тындап ойнауға үйрету.	Еңбекке баулу:Таза алаң. Мақсаты:Аула сыпырушыға көмектесу. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.Тазалыққа кішіпейілдікке үйрету. Жеке жұмыс: мақсаты:тақпақты жаттап үйрету. Үреді үйшікте, Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары-ала Біреуі карадай ақ Біреуі сұр жолақ, Бәрібір,бәрінің жұмысы біреу-ақ Үреді абалап. Мақсаты:Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.Есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылдық ойын: «Қасқыр мен қаздар» Мақсаты:Топ болып ойнауға,рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Еркін ойын: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнау. Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа баулу	Еңбекке баулу:Жапырақтардан гүл шоғын жасау. Мақсаты:Қол икемділігін дамыта отырып,әсемділікті,әдеміл ікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей, Желмен ұшып барады. Жерге қонып үлгермей. Мақсаты:Балалардың тілдерін дамыту арқылы,сөздік қорын дамыту. Қимылдық ойын: «Аю жүрген орманда» Мақсаты:Қимыл қозғалысын дамыту. Еркін ойын:Өзіндік іс – әрекет: бір – бірімен келісіп, тату ойнауға баулу. Мақсаты:Бір – біріне өкпелемей, бірге ойнау керектігін түсіндіру.	қараңдарш,өз азықтарын жнап,еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла» Еңбекке баулу:Біздің алаң. Мақсаты:Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып,өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс:Тыйым сөздерді жаттату. Мақсаты: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында түкірме» сөздердің мағынасын айтып түсіндіріу. Қимылдық ойын: «Жақсы жаман». Мақсаты:Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге,жаман нәрселерден аулақ болуға,жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу. Еркін ойын:Өзіндік іс – әрекет: бір – бірімен келісіп, тату ойнауға баулу. Мақсаты:Бір – біріне өкпелемей, бірге ойнау керектігін түсіндіру.	Еңбекке баулу:Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты:Табиғатты аялап білуге,өсімдіктерге қамқор болуға,оларды күтіп-баптауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс:Мақал-мәтел Таза болса-табиғат, Аман болар-адамзат. Мақсаты:Мақал жаттау арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп,сөйлеу мәдениетін,ойлау қабілеттерін дамыту. : «Ақ қоян». Мақсаты: Балаларды шапшандыққа, ептілікке баулу. Еркін ойындар: Тәрбиешінің жетекшілігімен ойындар ойнау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп ойнауға қызығыушылығын арттыру.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Түскі ұйқы	«Бесік жырын»тыңдату	«Әлди-әлди» әнін айтып беру	Баяу әуен қосып тыңдату	Ертегіні айтып беру.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Музыка тыңдату

Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	Мазмұнды- рөлді ойын: «Жиһаздар» Мақсаты: Жиһаз туралы білімдерін жетілдіру. Рөлге бөліп ойнауға тәрбиелеу.	«Қай мезгілде болады?» Мақсаты: Балалардың көру арқылы қабылдау, ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорларын молайту	Қимылды ойын. «маған қарай жүгір» Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу.	Вариативтік компонент «Ертегі бізде қонақта» Тақырыбы: «Үйшік ертегісі»(саусақ театры) Мақсаты: Балаларға саусақ театры туралы түсінік беру. Саусақтарды қимыл-қозғалысқа келтіре отырып, ертегі мазмұнын түсіндіру. балалардың ертегіге деген қызығушылығын артыру.	Қимылды ойын: «Керісінше» Мақсаты: Балалардың тыңдай алу қабілетін, қимыл қозғалыс әрекетін дамыту
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Сұлтанға өзіне қызмет көрсетудің қарапайым әдістерін орындату. Мақсаты: ұқыптылыққа, және шапшаңдыққа тәрбиелеу.	Айлинге музыка дыбыстарына тыңдауға қосылып айтуға бейімдеу. Мақсаты: Көңілді әуендерді тыңдай білуге, дыбысқа еліктеулерді қайталай білуге үйрету.	Қызданайға бояулардың ашық түсін ажыратуға үйрету. Мақсаты: ашық түстерді қабылдауға, ашық түстермен сызықтарды қағаз бетіне салуды үйрету.	Аялаға бояулардың ашық түстерін таныстыру. Мақсаты: балаларды үлгіге қарап, түспен (қызыл, сары, ақ) таныстыру көзделеді	Аминаға тірі объектілерді таныту, мысық, ит және т.б қалай дыбыстайды. Мақсаты: жануарларға қамқорлық қарым-қатынасын, оларға қамқор болу ықыласын тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу, ауа-райын бақылау, көшедегі машиналардың жүрісін бақылау, аула сыпырушыға көмектесу.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. тәртіптері жайлы айту	Топта жеңіл киінуді ескерту. Дене шынықтыру формасын әкеліп қоюды ескерту.	Балалардың тамақтануы жайлы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға балаларының Ата аналармен әңгімелесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.

Қыркүйек айының Іапта(Қайталау) 27.09.21.01.10.21аралығындағы «Балалқай» ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие,оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы:«Балабақша»

Апта тақырыбы:«Менің балабақшам»

